

Н.Ж. Тұрмахан^{1*} , Д.С. Байгунаков¹ 

¹Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

*e-mail: nurdau_99@mail.ru

А.М.ХАЗАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ

Андатпа

Өлемдік археология тарихнамасында сармат мәдениетін зерделеу жаңа әрі тың деректермен толығып, оған қатысты деректемелік қор ұлғайып келеді. Мұның өзі бұрын ғалымдар тарапынан алуан түрлі мәселелерге қатысты айтылған ой-пікірлермен жаңаша дереккөздерінің қаншалықты қабысатындығын қарастырудың маңызын арттырып отыр. Осы тұрғыдан келгенде археология ғылымымен айналысатын ғалымдардың еңбектерін бір ізге түсіре отырып жүйелеу мен жалпылау, олардың ойлары мен тұжырымдамаларын зерделеу, тарихи-сараптамалық талдау жасау бүгінгі күні өзекті мәселелер қатарына еніп отыр. Осыған орай мақала авторлары тарапынан сармат мәдениетін зерттеу ісіне қомақты үлес қосқан тарих ғылымдарының докторы, белгілі тарихшы, тарихи антропология мен ұжымдық жадыны зерттеуші А.М.Хазанов ғылыми мұрасына кеңінен назар аударылды. Айта кету керек, ғалымның зерттеу аймағына Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Еуропа және Иран аумағы, т.б. іргелес өңірлер кіреді. Оны әсіресе осы аймақтарда орналасқан ерте темір дәуірі ескерткіштері қатты қызықтырды. Мақала авторлары ғалымның осы мәдени-тарихи аймақтарда орын алған тарихи үдерістерге қатысты пайымдамаларын талдап, сармат мәдениетіне қатысты негізгі теориялық мәселелерді шешудегі ойлары мен тұжырымдамаларын талқыға салды да, нәтижесінде сарматтардың әскери өнері мен діни-ғұрыптық танымдарын жан-жақты деректермен қарастыру керектігін ұсынды. Мақаланың негізгі мақсаты А.М.Хазановтың сармат мәдениеті бойынша жарыққа шыққан зерттеу жұмыстарын жүйелеу болғандықтан, дәстүрлі тарихнамада пайдаланылатын басты-басты әдістер жиынтығы, сондай-ақ тұлғатану принциптері, салыстырмалы-тарихи әдіс секілді барлық ғылыми тәсілдер кеңінен қолданылды. Алуан түрлі ғылыми әдіснама негізінде сармат мәдениетінің қалыптасып дамуы сол замандағы тарихи және табиғи-климаттық жағдайлармен, миграциялық үдерістермен тікелей байланысты екендігі нақтыланды.

Негізгі сөздер: А.М. Хазанов, сарматтар, мәдениет, қалыптасуы, әскери өнер, артефакт, қару-жарақ.

Кіріспе

А.М.Хазанов өз ғылыми ғұмырының біраз бөлігін сармат, т.б. ілкі замандардағы халықтардың әлеуметтік антропологиясына арнады. Ол алғашқы қауым тарихына қатысты алуан түрлі пайымдар жасап, ғылыми жұртшылыққа тың да сүбелі ойларын ұсына білді. Ұсынылып отырған мақала А.М.Хазановтың еңбектерінде көтерілген сармат мәдениетіне, ежелгі көшпелі қоғамдар тарихына қатысты мәселелерге тарихнамалық талдау жасауға бағытталған.

Отандық және шетелдік тарихнамада ғалымның ғылыми мұрасына қатысты бірқатар зерттеу жұмыстары арналған болатын. Бұл жұмыстарда зерттеу пәні мен нысаны ретінде ғалымның биографиясы ғана емес, ежелгі тарих беттерін толықтыруға әрі дамытуға арналған ғылыми еңбектері мен негізгі бағыттары жайлы сөз өрбітілді. Ғалымдардың басым бөлігі А.М.Хазановты кәсіби номадолог ретінде таныды, оны ғылыми жұртшылық ежелгі көшпелілер өркениетін зерттеуші ретінде көре білді, оның ойларымен санасып, пікірлеріне баға берді. Өз кезегінде А.М.Хазанов номадизм бойынша келелі ойларын айтып, оның қалыптасуы, өркендеуі және құлдырау себептері, көшпелілік табиғаты, оның басқа өркениеттермен симбиозы жайлы сауалдарды қауалады. Оның жариялаған ғылыми еңбектері сарматтар ғана емес, сонымен бірге ерте көшпенділердің мәдениетін де әспеттейді. Кейбір пікірлері сонылығымен, бірегейлігімен де ерекшелінеді.

Ғылыми көпшілікке ұсынылып отырған бұл еңбектің өзектілігі тарих, соның ішінде археология ғылымының іргелі зерттеулерге деген қажеттілігінен де туындап отыр.

Заманауи ғылыми парадигма арқасында ғалымның зерттеу нәтижелеріне деген сұраныс та соңғы кездері кеңінен артып келеді. Оның кесек-кесек мақалалары мен іргелі еңбектері Орталық Азияда ерте темір дәуірінде тіршілік еткен халықтардың өткеніне арналып, ғылыми қорды толықтыра түсті. Осыған орай айтарымыз, бұл еңбектің өзектілігі мынадай жайттар бойынша өрбітіледі: а) бүгінгі күні отандық және шетелдік тарихнамада сарматтану жеке бағыт ретінде қалыптасты және оған А.М.Хазанов мол үлес қосты; ә) сармат мәдениетіне қатысты А.М.Хазанов жазған еңбектерге де біраз болды, сондықтан да оны қазіргі зерттеулермен қабыстыра қарастырудың мәні артып келеді.

Әлі күнге дейін ғылыми жұртшылық алдында сармат мәдениетінің хронологиялық атрибуциясы, шығу тегі, қалыптасып дамуы, кейіннен басқа тарихи-мәдени қауымдастықтарға кірігуі өзектілігін жоя қоймай келе жатқан тақырыптар аясы болып табылады. Сармат мәдениетінің таралу аймағы, жекелеген сарматтық топтар локализациясы, іргелес өңірлерге мәдени-тарихи ықпалы, қазақ сахарасындағы сармат археологиясына тән негізгі белгілер мен категориялар, т.б. сарматтанудағы алуан түрлі сауалдар әлі күнге дейін қызу талқылаулар туғызып келеді. Осы әлі күнге дейін түйіні түйіткілді мәселелер аясында сарматтардың мәдени-хронологиясы мен өткені туралы ғалымның пайымдарын жүйелеудің көкейкесті дүние екендігі де байқалып отыр.

Бірқатар зерттеулерде ғалымның пікірлері жүйеленді. Мәселен, М.Лаумулин зерттеуші еңбектерінің біріне (атауы: Кочевники и внешний мир) толыққанды сын-пікір жариялады [1]. Ол автордың номадизмді феномен ретінде бағалауын толығымен құптады, оның өндіруші экономикадағы ерекше түр екендігін толық қолдады, көшпелі халықтардың сыртқы әлеммен байланысын, көшпеліліктің шығуына ықпал еткен алғы шарттарын, олардағы мемлекеттілік, жеке меншік, мүлктік және туыстық қатынастар, т.б. өзекті мәселелерді қаузағандығын талдады да, еңбекке оң баға берді.

Келесі бір зерттеуші А.А.Иманбекова өз еңбегінде А.М.Хазановтың зерттеулеріндегі номадизм мәселелеріне қатысты тұжырымдық ойларына ғылыми талдау жасады. Бұл зерттеуші де ғалымның жоғарыда айтылған кітабына сілтеме бере отырып, еңбекті номадологияға қосылған толыққанды ғылыми үлес деп бағалады. Оның ойынша А.М.Хазанов зерттеу жұмыстарының сипаты көшпелілік модельдерін сыныптау мен типологизациясын анықтаудан тұрады. Сонымен қатар А.А.Иманбекова пікірінше А.М.Хазанов көшпелі мал шаруашылығы генезисі, көшпелі қоғамдағы аса мығым емес тұрақтылық, номадтарды модернизациялаудың қиындығы сынды сауалдарды айқындауға ұмтылған зерттеушілердің бірі болып табылады [2]. Бұл ғалым – әдетте, кез келген қоғамның негізі шаруашылық қызметпен, соның ішінде табиғи ресурстар мен өндірістік қатынастар жиынтығынан, экономикалық, материалдық-техникалық платформадан, адам қызметінен тұратындығы белгілі, сол себепті шаруашылық қаракеттерді зерделеудің маңызы зор деп есептейді.

Сондай-ақ А.М.Хазанов туралы көптеген энциклопедиялық баслымдарда айтылған. Мұндай басылымдарда ғалымның ғұмырнамасына қатысты шағын әрі қысқаша мәліметтер берілген.

Дегенмен зерттеушілердің ешбірі әлі күнге дейін А.М.Хазановтың ғылыми мұрасына, соның ішінде сармат мәдениетіне қатысты мәселе көтере қоймағандығын нақты көреміз. Оған археологтар да, тарихшылар да, тіпті басқа сала мамандары да сілтеме беріп, еңбектеріне сүйенгенін көргенімізбен, оның ғылыми мұрасына талдау жасаған ізденістердің некен-саяқ екендігін аңғарамыз. Алайда ол көтерген бірқатар тақырыптар аясында әлі күнге шейін пікірталастар орын алып келеді. Осыған орай айтарымыз: А.М.Хазанов тарапынан түзілген ғылыми ой-пікірлерді жүйелеу керектігі отандық тарихнамада кеңінен байқалып тұр. Ғалымның белгілі бір тақырыпқа қатысты көзқарастарын және оның пайымдарына қатысты әріптестері тарапынан жасалынған тұжырымдарды мәдени-тарихи тұрғыдан синтездеп, алгоритмін анықтау күн тәртібінен

түспей келеді. Бұл айтылған жайттардың барлығы біздің тарапымыздан көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігін тағы бір нақтылай түседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала тарихилықтың жалпы принциптеріне негізделген. Номадолог А.М.Хазанов ғылыми мұрасын зерттеу негізіне біртұтастық принципі алынды. Өйткені ғалымның тұжырымдары мен оның заманындағы археология ғылымының жетістіктерін, ежелгі дәуір тарихнамасын, деректанулық негіздерін біртұтастықта қарастырмау мүмкін емес. Ол археология тарихына қатысты зерттеулер жүргізгендіктен тарихи-салыстырмалы, нақты-тарихи зерттеу, хронологиялық, ретроспективті, тарихи-генетикалық, салыстырмалы-типологиялық әдістер кеңінен қолданылды. Тарихнамалық және деректанулық бағыттағы методология де қолданыста болғандығын айта кеткен ләзім. Салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша ғалымға тиесілі көзқарастар эволюциясы, ғылыми теориялары мен идеялары талданса, хронологиялық әдіс негізінде оның ғылыми мұрасының ерекшеліктері, белгілі бір кезеңдердегі ой-пікірлері талданды, ал тарихи-генетикалық әдіс зерттеуші ұстанымдарын белгілеуге, пайымдарының дамуы мен идеяларының мираскерлігін анықтауда қолданылды, ретроспективті әдіс ғалымның заманауи ойларының өткен кездердегі пікірлерімен өзара қабысуын нақтылауға септігін тигізді, сондай-ақ тарихи-салыстырмалы және салыстырмалы-типологиялық әдістер археологиялық мәдениет, ескерткіш, жекелеген артефакт сынды ғылыми материалдар ұқсастығын қарастыруда пайдаланылды.

Жалпылама түрде алғанда, зерттеу жұмысына тән теориялық негізге А.М.Хазановтың сармат кезеңі бойынша ізденістері жатады. Мақалада ғалымның еңбектерін жан-жақты ашып талдау үшін жүйелілік ұстанымы кеңінен қолданылды. Сонымен қатар ғылыми жолының қалыптасып дамуын кеңінен түсіну мақсатында биографиялық және де тарихи-антропологиялық ұстанымдар да белгілі бір дәрежеде пайдаланылды. Мақала жазу барысында жалпы ғылыми әдістерге анализ және синтез, жалпылау мен жүйелеу әдістері қолданылды. А.М.Хазанов қарастырған сармат кезеңі бойынша ғалымның еңбектеріне тарихнамалық зерттеу әдіснамасына негізгі назар аударылды. Мақала дереккөздері негізі екі топтан тұрады. Бірінші топқа ғалымның сармат кезеңі бойынша жарияланған еңбектері – монографиялары, ғылыми мақалалары, тезистері, т.б. кіреді. Екінші топқа А.М.Хазановтың ғылыми мұрасы мен ғылымдағы жолына арналған зерттеулер, естеліктер, сұхбаттар, т.б. жатқызылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Айта кету керек, Анатолий Михайлович Хазанов 1937 жылы 13 желтоқсанда Мәскеу қаласында дүниеге келген. 1960 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетін тәмамдайды. 1966 жылы «Сарматтардың қару-жарағы, әскері және әскери өнері: б.з.б. III-II ғғ. – б.з. IV ғ.» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Сарматтардың өткен тарихы мен қолөнеріне, мәдениеті мен соғыс өнеріне арнап кесек-кесек мақалалар жариялайды. Ал 1976 жылы «Скифтердің әлеуметтік тарихы» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Осы аралықта ол Орталық Азия, Кавказ, Қара теңіз солтүстік жағалаулары, т.б. аумақтарды мекендеген ерте көшпенділердің тарихына қатысты іргелі зерттеулер жүргізді. Мұндай бағыттағы ізденістерін әсіресе 1960-1985 жылдары КСРО ҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнография және антропология институтында жүрген кезде табысты атқарған болатын. 1960-1984 жылдар арасында Орталық Азия, Кавказ, Калмақстан, Украина, т.б. өңірлердегі ғылыми-зерттеумен айналысқан археологиялық және этнологиялық экспедициялар жұмыс топтарына қатысты. 1981 жылы Израильге қоныс аударуға өтініш береді, алайда оның өтініші қанағаттандырылмайды. Осы әрекеті үшін аға ғылыми қызметкер лауазымынан кіші ғылыми қызметкерге дейін төмендетілді. 1985 жылы қазан айында Израиль мемлекетіне қоныс аударады да, Иерусалимдегі Еврей университетіне қызмет етеді. 1990 жылы АҚШ еліне қоныс аударып, Висконсин университетінде (АҚШ) КСРО-дағы репрессия тақырыбы

бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осы тақырыптың әлемдік деңгейде зерделенуіне жол ашуға тырысты. А.М.Хазанов 1997-1999 жылдары Висконсин университеті, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мамандарынан құралған «Орталық Азия және Қазақстан республикаларындағы мал шаруашылығы» атты ғылыми жоба координаторы болды. Жалпы айтқанда, А.М.Хазанов 300-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы, оның қаламынан 20 шақты кітаптар жарыққа шыққан. Сұранысқа ие болған кейбір еңбектері (Кочевники и внешний мир) бірнеше рет қайтадан басылып шыққандығы да белгілі.

Студент кезден бастап А.М.Хазанов ғылымға ден қоя бастады. Сол кездегі мықты профессор-тарихшылардан дәріс алды [3]. Ғалымның ғылыми жолына шығыстанушы, академик А.А.Губердің орыны ерекше. Аспирантурада оқу кезінде ғалым КСРО ҒА Шығыстану институтының директоры қызметінде болып, А.М.Хазановқа ғылыми жетекшілік жасады.

Нәтижесінде, А.М.Хазанов скиф және сармат кезеңі бойынша көптеген еңбектер жазып, Еуразия даласындағы ерте көшпелілер мәдениетіне қатысты зерттелінуі тиіс проблемалар аясын анықтады. Негізгі зерттеу тақырыптары көшпелілер қоғамындағы әлеуметтік және экономикалық ұйымдастыру мен отырықшы халықтармен байланысына арналғандығы белгілі. Сайып келгенде, археология ғылымында ғалым скиф-сармат кезеңі бойынша кең көлемді зерттеулер жүргізіп, көлемді еңбектер қалдырды. Дегенмен де, қазіргі күні А.М.Хазановтың ғылыми қызметі, зерттеушінің ойлары мен тұжырымдамаларын саралайтын еңбектер аз. Сол себепті, ғалымның тек қана сармат кезеңі бойынша жүргізген зерттеулерін жан-жақты талдау мақаланың өзектілігін тағы бір рет толығымен айқындайды. Мақаланың негізгі мақсаты зерттеушінің сармат кезеңі бойынша жарық көрген еңбектеріне тарихнамалық шолу жасау болып табылатындығын жоғарыда айттып өттік. Тағы да қайталай отырып, біздің тарапымыздан тек сарматтануға ғана назар аударылатындығын ескерткіміз келеді.

XX ғасыр орта шегінен бастап сармат мәдениеті зерттеулері жаңа кезеңі басталды. Б.Н.Граков 1947 жылы жарыққа шыққан мақаласы алдағы уақытта сармат кезеңі перспективасын айқындады [4]. Кезекті зерттеулер сармат мәдениетінің бірнеше аспектілерін қарастырумен қатар, жаңа мәліметтер көзін жүйелеу бастауын алды. Нақтырақ айтатын болсақ, К.Ф.Смирнов [5], М.Г.Мошкова [6], В.П.Шилов [7] және т.б. зерттеушілер еңбектерімен толықты. Бұл еңбектердегі зерттеулер сармат мәдениеті ерте кезеңімен байланысты болса, сарматтардың әскери өнері мен оны ұйымдастыру мәселелері толыққанды қаралмады. Мұндай оқылықтардың орнын кейіннен А.М.Хазановтың ғылыми ізденістері толықтырғандығы белгілі.

Сайып келгенде, жаңаша зерттеулер осы біз көтеріп отырған А.М.Хазанов еңбектерімен жалғасын тапты. Еуразия даласы мен Солтүстік Қара теңіз аумағында көлемді мекенде тіршілік еткен сармат халқының мәдениеті қазіргі уақытқа дейін зерттелу үстінде. Оған арналған көптеген ғылыми ізденістер жарық көрсе де әлі де шешімін таппаған түйінді мәселелер де жеткілікті.

Зерттеушінің б.з.б. VI ғасыр – б.з. IV ғасыр аралығын қамтитын сармат мәдениетін айшықтайтын, дәлірек айтқанда сарматтық әскери өнерге арналған еңбегін қазіргі уақытқа дейін құндылығын жоғалтпаған еңбек десек артық айтпаған болар едік. Скифия, Кавказ, Орталық Азия және т.б. аумақтарда анықталған археологиялық мәліметтер мен жазбаша деректерді өзінің еңбегінде қолданды, сол замандағы барлық ғылыми аппаратты меңгерді. Әсіресе археологиялық дереккөздеріне ерекше ден қойып, әскери өнерді жан-жақты талдау мақсатында Орталық Азия, Иран, Солтүстік Кавказ, Боспор және т.б. аумақтардың археологиясына көз жүгіртті де, барлық мәліметтері жинақтап шықты. Ерте темір дәуіріндегі барлық қару-жарақ түрлеріне талдаулар жүргізіп, сармат әскери қару-жарақтарымен ұқсастықтарына назар аударды. Нәтижесінде, әскери қару-жараққа қатысты

қомақты ғылыми қор жинақтап, олардың сыныптамасына ден қоя білді. Қар-жарақтың алуан түрлі типтеріне талдау жасап, олардың таралуына аймағына, хронологиялық шеңберіне қатысты ой-пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, А.М.Хазанов қару-жарақтың генезисіне де үңіліп отырды. Мысалы, савроматтар қолданған тұйық кесіндемесі мен сақина ұшты қылыш немесе семсерлерді кейінірек сарматтар да қолданды. Мұндай семсер түрлері А.М.Хазанов пікірінше Еуразия далалық аймақтарынан бастап Қытайға дейінгі аумақта кеңінен таралған [8]. Осыған орай зерттеушінің мұндай тұжырымы савроматтар мен сарматтар расындағы тарихи-генетикалық байланыстардың болғандығын нақты делелдейді деп айта аламыз.

А.М.Хазанов тарапынан көтерілген қызықты тақырыптардың бірі ауыр аттылар немесе салт атты жауынгерлер болып табылады. Олардың әскери өнердегі орны мен рөлі, негізгі қару-жарағы мен ат әбзелдері сынды бірқатар дүниелерін қалпына келтіре отырып зерттеуші бірқатар тың ойлар айта білді. Мамандардың айтуына қарағанда, ежелгі дәуірдегі әскери өнерде негізгі орынды ауыр аттылар құраған. Олар тіпті б.з.б. VI ғасырдан белгілі. Осыған орай осы кездерден бастап ат үстіндегілерге арналған қоян-қолтық ұрысқа негізделген ұзын қылыштар жер-жерде кеңінен тарай бастайды. Ал сарматтардың әскери тактикасы б.з.б. VI-II ғасырлардағы скифтармен ұқсас болып келеді. Жылқыны пайдалана отырып олар тұтқиылдан шабуыл жасап, қайта кері шегіну стратегиясын жақсы қолдана білген [9]. Мұндай әскери тактика көшпелі халықтардың біразында кейінгі орта ғасырларға дейін сақталғандығын айта кеткен ләзім.

Жалпы алғанда, А.М.Хазанов әскери өнердің даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Ол әрбір кезеңдегі әскери өнерді бағалап, онда болған өзгерістер мен жаңашылдықты, тарихи-генетикалық байланыстар мен алдыңғы кезеңдерден мирастыққа өткен жайттарды жүйелеуге тырысып бақты.

Ғалымның ойынша б.з.б. I ғасыр мен б.з. IV ғасыры аралығында әскери өнерде бірқатар өзгерістер белең алады. Әсіресе б.з.б. I ғасыр мен б.з. I ғасыр аралығы әскери істің тоқырау уақыты болып табылады. Бұл уақытта ғалымның айтуы бойынша таптық құрылым әскери өнерде өзінің жалғасын одан ары таба береді. Қоғамда, соның ішінде жауынгерлер арасындағы әлеуметтік шекараның қалыптасуы нәтижесінде, орта топтан төмен топтар қалыптасып дамиды. Бұған әскери қару-жарағы жоқ жерлеу ғұрыптарының көптеп кездесуі дәлел бола алады [9]. Қоғамдағы мұндай өзгерістер қауым мүшелері арасындағы мүліктік теңсіздікті, иерархиялық сатыларды да көрсету ықтимал. Сонымен қатар бұл кезең халықтың біршама бейбітшілікте өмір сүргендігін де аңғартуы мүмкін.

Дегенмен әлемдік тарихнамаға сүйенер болсақ бұл кездері әскери өнер дами берді. Жаңадан қару-жарақ түрлері енгізіліп, бұрынғы сауыт-саймандар жетілдіріле түсті. Ұсталық пен қолөнердің дамуы әскери өнердің қарқындап өсуіне ықпалын тигізді. Жаңа әскери өнер бөлшегі ретінде б.з.б. I ғасыр мен б.з. I ғасыр уақытында ауыр қаруланған жауынгерлер (катафрактарий) әскери құрамның негізгі қозғаушы күшіне айналды. Олардың шайқастардағы рөлі күшейді. Бұл әскер тобы жазбаша деректерге қарағанда көбінесе парсы, грек-рим және сарматтарда кездесіп отырған. Жазбаша деректерге ғалым сүйене отырып ауыр әскерлерді тек шешуші ұрыстарда шығарып отырған деген соны қорытынды жасады.

Жалпы бұл ауыр қаруланған жауынгерлер (катафрактарий) пайда болуы А.М.Хазанов көзқарасы бойынша төмендегі жағдайларға байланысты:

- грек-римдіктермен қақтығысқа ұшыраған халықтарға римдік легионерлер мен македониялық фалангаға қарсы тұрарлық күш керек болды. Мұны шығыстық атты әскер саласындағы әскери өнердің реформасы нәтижесінде құруға ғана мүмкін болған еді;
- әскери өнердің дамуы Еуразия даласындағы көшпенділер мен Ирандағы ауыр атты әскердің дамуы тағы бір мүмкіндік берді;

- Шығыс Еуропа, Орталық Азия, Қазақстан мен Оңтүстік Сібір көшпелі тұрғындары мәдени және этникалық тұрғыдан тығыз қарым-қатынаста болуы да бұл саланың дамуына әсерін тигізді. Көбінесе әскери қару-жарақтар ұқсастығынан бөлек, тактикалық жақтарының жалпылама ортақ заңдылыққа бағынатыны байқалады.

Осы аталып өткен үш ерекшелік автордың айтуы бойынша ауыр қаруланған жауынгерлердің пайда болуына әкеліп соқтырды [10]. Мұны толық құптауға болады. Энеолит заманынан бері жылқышылықпен айналысып келе жатқан қазақ сахарасының ежелгі тұрғындары сыртқы жауларға қарсы бірден-бір күш ретінде аттың денесіне зақым келтірмес үшін оған арналған сауыттарды қалыптастыруы да ықтимал.

Бүгінгі күні сармат тұрғындары қалыптасып дамуы мен олардың ыдырауы шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда А.М.Хазанов сарматтардың тарихи-географиялық орыны жайында зерттеулерін жүргізді. Сарматтардың Солтүстік Қара теңіз маңынан бастап Еуропаның батыс аумағына дейін көші-қон процесстеріне қатысып, нәтижесінде жергілікті тұрғындармен араласып кеткені жайында ойын білдірді. Жалпы алғанда, савромат, сирмат, сирак, роксоландар және т.б. өздерінің этникалық негізі бір екендігін түсіне қоймаған. Сол себепті сармат қауымдастығында бір тіл мен бір мәдениет болғанымен де олардың тарихи сахнадағы тағдырлары әркелкі типте болған деген ойды айтады зерттеуші. Оның ойын қолдауға болады. Біздіңше, ортақ идеологияның болмауы, өзара діни наным-сенімдер мен экономикалық байланыстардың әлсіздігі сармат қоғамын толыққанды біртұтас ете қоймады. Оның тарамдалуына, өзара кірікпей жатуына тек бұл жайттар ғана емес, бірнеше факторлар (сыртқы күштер, дағдарыстар, т.б.) әсер етуі де мүмкін.

Кез келген қоғамның дамуына тікелей әсер ететін факторлардың бірі табиғи-климаттық жағдайлар екендігі белгілі. Сармат қоғамының қалыптасып дамуында әсер еткен бірден бір жағдайлардың бірі ол климаттық жағдай деп көрсетеді. Зерттеушінің айтуынша, бұл б.з.б. I мыңжылдықтың басында Еуразия даласындағы тайпалардың басым бөлігінің мал шаруашылығына ден қоюын, соның ішінде көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылық түріне көшті. Мұның өзі тұрғындардың қозғалысын көбейтті. Жаңа жерлерді игеру көшпелілер арасындағы жайылымды жерге таласу мен арасындағы кикілжің нәтижесінде көптеген миграциялық, этникалық топтасулар мен саяси-әлеуметтік құрылымдардың пайда болуына әкеліп те соқтырды. Ол уақытта киммерліктер, скифтер, сақтар, массагеттер және т.б. өмір сүргендігі белгілі.

Сармат мәдениетінің өзіндік кезеңдері бар. Олар ғалымдар тарапынан толық мақұлданып, мәдени-хронологиясы белгіленген. Оның соңғы мәдениетінде, яғни кейінгі сармат мәдениетінде елеулі өзгерістер орын алды. Тарихи дереккөздеріне қарағанда сармат тұрғындарының тарих алаңынан жоғалу уақыты б.з. IV ғасыры болып табылады. Бұл кезде бірқатар тайпалардың өзара кірігуі, соның ішінде аландар мен сарматтардың кірігуі кеңінен белең алды, мәдениетте де өзгерістер байқалды. Аландар тарихи деректемелерге қарағанда сарматтармен қатар әрі олармен үш ғасырдан астам уақыт өмір сүріп, мәдени ықпалын жая бастады. Алан одағының құрамына сармат тұрғындары да араласып отырды. Бұл араласу қорытындысы ғұндардың Солтүстік Қара теңізге келіп, сарматтар мен аландарға жойқын соққы беруімен аяқталды. Осының нәтижесінде сарматтардың бір тобы жойылып, екінші тобы ғұндарға тәуелділікке ұшырады, ал үшіншілері Кавказ және батыс аумақтарға қарай көшіп кетті. Ғалымның айтуы бойынша осы уақыттан бастап сарматтардың соңғы миграциясы басталып, Халықтардың ұлы қоныс аударуына қатысты [11]. Сөйтіп, зерттеушінің пікірінше сармат атауы біртіндеп тарих сахнасынан ығыса бастады. Шындығына келгенде, Халықтардың ұлы қоныс аударуы сармат мәдениетіне түбегейлі әсер еткен тарихи үдерістердің бірі болғандығы рас болуы әбден ықтимал.

Сонымен қатар, А.М.Хазанов сарматтардың үлкен тобы славян халықтардың этногенезінде маңызды орын алғанын атап өтті. Бір мысал ретінде славяндық Хорс және

Симаргл құдайлары ирандық наным-сенімнен қалыптасуы мүмкін екендігін де атап кетеді. Жалпы алғанда, ерте және орта сармат мәдениеттері құрылымы жағынан өзара ұқсас, дегенмен кейінгі сармат мәдениетінде көптеген өзгерістер байқалады. Оның бір себебін А.М.Хазанов аландардың Орталық Азиямен мәдени қарым-қатынасының мол болғандығымен, батысқа қарай жылжыған түркі тілдес көшпелі тайпалардың әсері жоғарылағанымен байланыстырды. Осылайша, зерттеуші сармат мәдениеті кезеңдеріндегі ерекшеліктер олардың болашақтағы даму бағыттарын айқындайтындығын көрсетті. Яғни, мәдениеттер арасындағы байланыстарды, тарихи-генетикалық тұтастықтар мен өзгешеліктерді қарастыра отырып зерттеуші сыртқы факторларға да кеңінен назар аударған еді.

Қазіргі уақытта кейінгі сармат мәдениетінің шығыс аумақтарындағы әсерінің көптігі археологиялық мәліметтер негізінде растайды. Тіпті, кейбір ғалымдар бұл кезеңді ғұн-сармат кезеңі, яғни ғұндар мен сарматтардың синтезі нәтижесінде қалыптасқан жаңа мәдени кезең ретінде қарастырады [12]. Біздің ойымызша, кейінгі сармат мәдениетіндегі көне түркілік сарын толығымен мойындалатын күндер де алыс емес сияқты. Сармат тайпаларын иран тілдес деп айтудың өзі келешекте өзектілігін жоғалтуы мүмкін.

Ғалымның тарапынан көтерілген келесі тақырыптардың бірі сармат қоғамындағы әйел адамның орны болып саналады. Бұл зерттеуге арқау болған Б.Н.Граковтың 1947 жылы жарыққа шыққан мақаласы деуге негіз бар [4. – 119]. Себебі зерттеуші оның ізденістеріне осы тақырыпты қозғағанда көп сілтеме беріп отырды. Кеңестік зерттеушілер Б.Н.Граков, К.Ф.Смирнов, т.б. өз еңбектерінде кеңінен қолданатын бірқатар терминдер (матриархат, әйел доминациясы, т.б.) бар. Мұндай тарихи-археологиялық терминдер алғашқы қауымдық құрылыстағы ежелгі адамдар, одан қалса ерте темір дәуіріндегі сарматтардың әлеуметтік құрылымындағы әйел адам орынына байланысты қолданылды [5. – 356]. Өз кезегінде А.М.Хазанов бұл терминдердің қаншалықты деңгейде дұрыс немесе бұрыс екендігін, алдағы уақытта қайта қарау керектігін айтқан болатын.

Ол археологиялық және жазбаша мәліметтердің негізінде матриархаттық қоғамның дамуын мына үш бөліктен қарауға болатындығын атап өтті:

- 1) әйелдердің әскери іс-әрекеттерге белсенді қатысуы;
- 2) абыздар функциясын сарматтық әйел топтарының атқаруы;
- 3) сармат әйелдері қоғамдық өмірге белсене қатысуы мен олардың социумдағы жоғары орыны.

Осы аталып аталып өткен негізгі сипаттамалар А.М.Хазановтың айтуы бойынша савроматтардың кейінгі даму уақытына тән әрі оларда матриархаттық қоғамның басымдылығы байқалған. Бұл ерекшелік ғалымның айтуы бойынша қола дәуірінен бастауын алуы мүмкін. Әсіресе қола дәуірі кезеңінде басым көпшілігі патриархалды қатынастың болғандығын, негізгі мысалға жұптық жерлеулердің болуы басты дәлел екендігін ерекше атап өтті. Дегенмен де, тұрғындардың кейбір топтары аналық есебінен туыстық қатынастарын сақтап қалуы мүмкін деген болжамға да келді. Жалпы бұл мәселені зерттеу үшін А.М.Хазанов этнографиялық және тарихи мәліметтерге салыстырмалы талдау жасау жеткіліксіз екендігін де атап кетті.

Сонда да болса зертеуші савроматтық және ерте сармат мәдениетінде әскери қару-жарақпен жерленген әйел адамы қабірлерінің айтарлықтай көп болғандығын жоққа шығармайды. Қару-жарақтардың басым бөлігі жебе ұштары, қылыш пен пышақтардан тұрады. Ал б.з.б. I ғасырдан бастап әйел адам қабірінде әскери қару-жарақтар саны азайып, тек символдық сипатта кездескендігі археологиялық деректер негізінде белгілі болып отыр [13].

А.М.Хазанов өз зерттеулерінде дәстүрлі мәдениетті айқындайтын ғұрыптық заттарға да ерекше мән берген. Мысалы, сармат мәдениетіне тән айнаның діни-нанымдық түсінігі жайында тың ғылыми-зерттеулер жүргізіп, мұндай бұйымның тек тұрмыстық қолданыста

ғана емес, ғұрыптық сипатта қолданылғандығын негіздеп берді. Сармат мәдениетіндегі ерте кезеңнен бастап кейінгі сармат мәдениетіне дейінгі аралықта қола айналар көптеп кездескендігі белгілі. Ғалымның жорамалы бойынша басқа археологиялық мәдениеттің жерлеу ғұрыптарына қарағанда сармат мәдениетінде айна көптеп кездеседі. Айнаның діни-нанымдық мәнін зерттеуші келесі бөліктерден көрген:

- қол айналар сармат мәдениетінің әрбір кезеңдерінде кездесіп отырған;
- айналар тек әйелдердің ғана емес, сонымен қатар балалар мен ер адамдардың жерлеулерінде кездеседі;
- айна жерлеу шұңқырларында жартылай немесе сындырылып қойылған, яғни тек оның бөлігі ғана мүрдемен бірге жерленген. Бұл осы бұйымның ғұрыптық негізімен байланысты.
- қабір шұңқырында кейбір сынбаған айналар, жартылай зақымданған сипатта да кездеседі.

Жоғарыда аталып өткен сипаттамаларды ескере отырып, айнаны сындыра жерлеу зерттеушінің айтуы бойынша негізгі ғұрыптық ерекшелік болып табылады. Жерлеу ғұрыпында айна биліктің символы ретінде және де магиялық қызмет көрсету негізінде қолданылды деген тұжырымдама жасады [14].

Айта кету керек, сармат кезеңінде айнаны сындырып жерлеу ғұрыпы Орталық Азиядағы жанама және катакомбалы жерлеу орындарында да кездеседі. Көбіне айна ерте сармат мәдениеті кезеңінде кездесіп отырған. Ал орта сармат мәдениеті кезеңінде бұл үрдіс өзінің маңыздылығын жоғалта бастаған [14]. Бұған қарағанда діни наным-сенімдердің трансформациясы, діни идеологиялық түсініктің модернизациясы осы ортаңғы сармат кезеңінен бастап қауым мүшелері арасында орын ала бастаса керек.

Музей қорларындағы жәдігерлер ғаламат дереккөзі ретінде мамандар тарапынан ертеден-ақ қызығушылық туғызған. Мұны А.М.Хазанов та жақсы түсіне білді. Зерттеуші археологиялық мәліметтер мен жазбаша деректерден бөлек музей қорында сақталған сармат кезеңіне тән заттарды іздестірумен болды. Сарматтарға қатысты кез келген ақпаратты қаперінде ұстауға ұмтылды. Өзі бірнеше музей қорларымен жұмыс жасап, ежелгі скиф, савромат, сармат мәдениеттеріне қатысты мағлұматтарды жинастырып отырды. Мысал ретінде нақтырақ айтатын болсақ, А.М.Хазанов Саратов облыстық музейінде сақталған сақиналы сүйір төбелі тік айқасты темір қанжар бойынша зерттеу жүргізді. Басқа жәдегерлерге қарағанда қанжар жақсы сақталған. Тек төменгі жағы ерте уақытта сынып қалған. Қанжардың жиектен орта бөлікке дейінгі аумағы ромб пішінді тұрпатта. Мұндай ерекшелік Орал маңы савроматтар мен прохоров мәдениеті қылыштарында көптеп кездеседі. Мамандар мұндай типтегі қанжарларды қоян-қолтық ұрыста қарсыласты жарақаттауға арналған деп есептейді. Айта кету керек, аталып отырған қанжарды ғалым кеңестік археология тарихнамасында алғашқылардың бірі болып металлографикалық сараптамаға береді де, ғылыми оң нәтижелер алады. Оған жаратылыстанушы мамандар, яғни металтанушылар қанжардың жасалуы бойынша мол мәліметтер бере алды. Қанжарға жүргізілген микроқұрылымдық талдаулар нәтижесі бойынша сармат қоғамындағы темір ұсталығының жоғары мәдениеті орын алғандығын зерттеуші тиянақты түрде дәлелдей алды. Ғалымның айтуы бойынша, мұндай типтегі қанжарлар б.з.б. III-II ғасырлардан бастап б.з. II-III ғасырлары аралығында кеңінен таралған, ал б.з.б. I ғасыр мен б.з. I ғасыры аралығында шарықтау шыңына жеткен. А.М.Хазанов өз зерттеулерінде мұндай типтегі қанжарлардың 100-ден астамын ғылыми талдаудан өткізе білген. Ғалымның жорамалы бойынша қанжарлардың басым бөлігі Волга мен Орал маңында кеңінен таралған [15]. Шындығына келгенде, қазіргі таңда А.М.Хазанов жасаған қанжарлар сыныптамасы археология ғылымында жасалған үздік үлгілердің қатарына жатады. Оған барлық мамандар сілтеме беріп, ескерткіштер хронологиясын, мәдени атрибуциясын анықтауда жиі қолданып жатады [16], [17]. Сарматтардың қару-жарағын зерттеу барысында А.М.Хазанов

олар қоян-қолтық ұрыс тактикасы алғашқылардың бірі болып қалыптастырды деген пайым жасайды.

А.М.Хазановтың скифтерге арналған басқа еңбегінде (атауы: Социальная история скифов) ішінара болса да олармен замандас тайпалар мен халықтардың тарихы баяндалынады. Скифтердің әлеуметтік тарихын сол замандағы Еуразияны мекендеген ұлттар мен халықтардың өткенімен қабыстыра отырып өрбіткен А.М.Хазанов көне дәуірдегі алуан түрлі қауымдардың болмыс-бітімін белгілеп бере алды [18]. Ол көшпелі қауымдардың шығуына тән ортақ қасиеттерді, көшпелілікпен айналысатын халыққа тиесілі діл мен өзіндік мәдени-шаруашылық типтерді, отырықшы халықтармен ара-қатынасын, т.б. зерделей отырып, ішінара сармат мәдениетіне, алан, т.б. елдерге мәдени-тарихи кезеңдеріне қатысты тың ойлар айтты. Көптеген халықтар (сармат, т.б.) арасындағы мәдени коммуникацияларға ден қойып, оның қозғаушы күштеріне немесе факторларына назар аударып отырды.

Қорытынды

Зерттеуші А.М.Хазановтың ғылыми мұрасы қомақты екендігі белгілі. Ол алуан түрлі тақырыптарды қаузап, тың ойларын ғылыми жұртшылыққа жеткізе білген ғалым ретінде танымал. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының хронологиялық диапазоны өте кең, көтерген тақырыптарының аясы әрқилы. Алайда біз шағын еңбегімізде ғалымның тек сарматтануға қосқан үлесіне ғана тоқталып отырмыз.

А.М.Хазанов сармат мәдениетін зерттеуде археологиялық мәліметтерден бөлек, жазбаша деректер мен этнологиялық зерттеулер жүргізген алғашқы ғалымдардың бірі. Мұны беделді сарматтанушылар К.Ф.Смирнов, М.Г.Мошкова, т.б. толығымен мойындайды. Көпшілік мамандар ғалымның сарматтардағы матриархаттық жүйенің жан-жақты талдануына оң бағасын берген, сол замандағы археология мен көне тарих тарихнамасындағы үздік еңбектердің бірі ретінде бағалаған. Десе де аталып отырған тақырып әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Дегенмен бір орнынан жылжымай тұрған тақырыпты алға қарай зерттелуіне серпін берген, мәселені зерттеуде пәнаралық ізденістерге назар аударған А.М.Хазановтың еңбегі біздің тарапымыздан да оңынан бағаланады. Біздің ойымызша: жазбаша мәліметтердің А.М.Хазанов тарапынан кеңінен қолданылуы бұл мәселеге жаңа әрі тың көзқарас немесе пәрмен бергендігін атап өтуіміз керек. Сонымен қатар зерттеуші кесек-кесек мақалаларының негізінде савроматтық және ерте сармат мәдениеті кезеңінде матриархаттық үстемдік құрғанын ғылыми тұрғыдан дәйектеп берді.

Зерттеуші А.М.Хазанов көптеген жылдар бойы сарматтардың әскери өнерін зерттеумен айналысып, нәтижесінде көлемді монографиялық еңбегін жарыққа шығарды. Оны көпшілік ғылыми жұртшылық сармат әскери өнері зерттеуші ретінде жақсы таниды. Еңбектің бір ерекшелігі сармат мәдениеті әрбір кезеңдерін қарастырудан бөлек, Орталық Азия, Шығыс Еуропа аумақтары мәліметтерін қолданды, қомақты ғылыми аппаратты меңгере білді. Бұдан біз ғалымның зерттеулерінде территориялық көкжиектің кең көлемді қолдана білетінін көре аламыз. Ауыр қаруланған жауынгерлер (катафрактарий) жайында деректерді кең көлемде қолданып, терең ғылыми талдау жасай білгендігін де айта кеткен жөн. Бұл әскерилердің түрі Еуразия даласындағы көшпенділер мен оған шекаралас аумақтардағы мәдени-этникалық байланыстардың нәтижесінде дамыған деген қорытынды жасады.

Сармат мәдениеті қалыптасып дамуы қазіргі күнге дейінгі өз шешімін таппаған мәселелердің бірі. А.М.Хазанов сармат қоғамының ұйысып, мәдени тұрғыдан дамуын климаттық өзгерістермен байланыстырды. Яғни, мал шаруашылығының көшпелі және жартылай көшпелі түрлерінің қарқындауына климаттағы өзгерістер оң әсерін тигізіп, алғашқы көшпелі тайпалардың (сармат, массагеттер т.б.) қалыптасып дамуына негіз берді деген тұжырымдамаға келді.

Жалпылама түрде айтқанда, А.М.Хазанов сармат мәдениетін археологиялық мәліметтерден бөлек тарихи деректерді кеңінен қолдануы арқасында өзіндік зерттеу ерекшелігін қалыптастырған ғалым. Кейінгі зерттеу бағыты дүние жүзі, соның ішінде Африка, Батыс Еуропа елдері бойынша өзгергенімен, ең алғашқы скиф-сармат археологиясы бойынша көлемді еңбектері оның ғылыми ізденістерінің негізін құрады. Қазіргі таңда сарматтардың әскери өнері жайында көлемді еңбегінде қару-жарақтар классификациясы археолог ғалымдардың арасында кеңінен қолданылады. Мұны бүгінгі күнгі археологиялық ізденістерден де байқауға болады. Мысалы, Сапыбұлақ қорымынан №4 обадан анықталған екі айна А.М.Хазанов сыныптамасы бойынша б.з.б. III-II ғасырлармен мерзімделінеді [19. – 54]. Біз өз тарапымыздан оның еңбектеріне сүйеніп, осы ескерткіштің хронологиялық мерзімін көрсетіп те отырмыз. Мұндай ізденістердің көпшілігіне А.М.Хазановтың сыныптамасы қолданыла беретіндігі сөзсіз. Сонымен қатар алдағы уақытта ғалымның еңбектерін Еуразия археологиясы жүйесінде қарастыру мен жүйелеу, олардың ғылыми сұранысқа ие екендігін толыққанды дәйектеу де өте маңызды болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің БМҚ BR18574175 жобасының қаржылай қолдауы бойынша даярланды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Лаумулин М. Кочевник кочевнику рознь. Рецензия на книгу А.Хазанова “Кочевники и внешний мир”. Континент. — №22(60). — 2001. — С. 13-21
- 2 Иманбекова А.А. Проблемы номадизма в исследованиях А.М.Хазанова. Вестник КазНПУ им. Абая. Исторические и социально-политические науки. — №1(40). — 2014. С. 75-78
- 3 Хазанов А.М. У них я учился ремеслу историка. Институт востоковедения РАН. Центр стратегической конъюнктуры. — Москва. — 2014. — 132 с.
- 4 Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов. ВДИ. — № 3. — 1947. — С. 100-121
- 5 Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. — Москва. — 1964. — 381 с.
- 6 Мошкова М.Г. О раннесарматских втульчатых стрелах. КСИА. — №89. — 1962. — С. 77-82
- 7 Шилов В.П. Калиновский курганный могильник. МИА. — №60. — 1959. — С. 323-523
- 8 Хазанов А. М. Избранные научные труды. Очерки военного дела сарматов. — СПб. — 2008. — 294 с.
- 9 Хазанов А.М. Очерки военного дела сарматов. Наука: — 1971. — 172 с.
- 10 Хазанов А.М. Катафрактерии и их роль в истории военного искусства. ВДИ. — №1(103). — 1968. — С. 180-191
- 11 Хазанов А.М. Сарматы. Исчезнувшие народы. Природа: — 1988. — С. 93-102
- 12 Боталов С.Г., Гуцалов С.Ю. Гунно-сарматы урало-казахстанских степей. Рифей: — 2000. — 267 с.
- 13 Хазанов А.М. Материнский род у сарматов. ВДИ. — №2. — 1970. — С. 139-140
- 14 Хазанов, А.М. Генезис сарматских бронзовых зеркал. Советская археология. — №4. — 1963. — С. 58-72
- 15 Хазанов А.М. Сарматский кинжал из Саратовского музея. Советская археология. — №1. — 1968. — С. 249-250
- 16 Белоусов В.В. Изучение клинкового вооружения сарматов: терминологический аспект. Вестник ВГУ. Серия: История. Политология. Социология. — №1. — 2012. — С.74-78
- 17 Мамонтов В.И. К вопросу об оружии ближнего боя сарматов. Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4. История. Регионоведение. Международные отношения. — №3. — 2018. — С.153-158.
- 18 Хазанов А.М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников евразийских степей. Академический проект: — 2023. — 372 с.
- 19 Мамедов А.А, Китов Е.П. Погребальный обряд ранних кочевников верхнего Илека (по материалам могильника Сапыбулак). Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. — №6(304). — 2015. — С. 19-60.

САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА В ТРУДАХ А.М. ХАЗАНОВА

Аннотация

В историографии мировой археологии изучение сарматской культуры пополняется новыми и свежими данными, увеличивается соответствующая база данных. Это повышает важность рассмотрения того, в какой степени новые источники совместимы с мнениями, высказанными учеными в прошлом по различным вопросам. С этой точки зрения к числу актуальных задач сегодня относятся систематизация и обобщение трудов ученых-археологов, изучение их мыслей и концепций, исторический и экспертный анализ. В связи с этим авторы статьи уделили широкое внимание научному наследию А. М. Хазанова, доктора исторических наук, известного историка, исследователя исторической антропологии и коллективной памяти, внесшего значительный вклад в исследование сарматской культуры. Следует отметить, что в ареал исследований ученого входят Центральная Азия и Казахстан, Восточная Европа и территория Ирана и т.д., включены прилегающие регионы. Особый интерес вызывали у него памятники раннего железного века, расположенные в этих районах. Авторы статьи проанализировали суждения учёного относительно исторических процессов, происходивших в этих культурно-исторических регионах, обсудили мысли и концепции в решении основных теоретических проблем, связанных с сарматской культурой, и в результате предположили, что военное искусство и религиозно-обрядовые знания сарматов следует рассматривать на основании исчерпывающих данных. Поскольку основной целью статьи является систематизация опубликованных научных работ А.М. Хазанова по сарматской культуре, совокупности основных методов, используемых в традиционной историографии, а также принципов изучения личности, широко использовались все научные методы, такие как сравнительно-исторические методы. На основе различных научных методов выяснено, что формирование и развитие сарматской культуры напрямую связано с историческими и природно-климатическими условиями того времени, миграционными процессами.

Ключевые слова: А.М. Хазанов, сарматы, культура, формирование, военное искусство, артефакт, оружие.

SARMATIAN CULTURE IN THE WORKS OF A.M. KHAZANOV

Abstract

In the historiography of world archeology, the study of Sarmatian culture is supplemented with new and fresh data, the corresponding database is increasing. This increases the importance of considering the extent to which new sources are compatible with the opinions expressed by scientists in the past on various issues. From this point of view, the number of urgent tasks today includes the systematization and generalization of the works of archaeologists, the study of their thoughts and concepts, and historical and expert analysis. In this regard, the authors of the article paid wide attention to the scientific heritage of A. M. Khazanov, Doctor of Historical Sciences, a famous historian, and researcher of historical anthropology and collective memory, who made a significant contribution to the study of Sarmatian culture. It should be noted that the area of research of the scientist includes Central Asia and Kazakhstan, Eastern Europe and the territory of Iran, etc. adjacent regions are included. He was especially interested in the monuments of the Early Iron Age located in these areas. The authors of the article analyzed the judgments of scientists regarding the historical processes that took place in these cultural and historical regions, discussed their thoughts and concepts in solving the main theoretical problems associated with the Sarmatian culture, and as a result suggested that the military art and religious and ritual knowledge of the Sarmatians should be considered based on comprehensive data. Since the main goal of the article is to systematize the published scientific works of A. M. Khazanov on the Sarmatian culture, a set of basic methods used in traditional historiography, as well as the principles of studying the individual, all scientific methods, such as the comparative historical method, have become widespread. Based on various scientific methods, it was found that the formation and development of the Sarmatian culture is directly related to the historical and natural-climatic conditions of that time, and migration processes.

Key words: A.M. Khazanov, sarmatians, culture, formation, military art, artifact, weapon.

REFERENCES

- 1 Laumulin M. Kochevnik kochevniku rozn'. Recenziya na knigu A.Hazanova "Kochevniki i vneshnij mir". [Nomads are not all the same. Review of the book by A. Khazanov "Nomads and the Outside World"]. Kontinent. №22 (60). 2001. P. 13-21 [in Russian]
- 2 Imanbekova A.A. Problemy nomadizma v issledovaniyah A.M.Hazanova. [Problems of nomadism in the studies of A. M. Khazanov]. Vestnik KazNPU im. Abaya. Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. №1(40). 2014. P. 75-78 [in Russian]

- 3 Hazanov A.M. U nih ya uchilsya remeslu istorika. [I learned the craft of a historian from them]. Institut vostokovedeniya RAN. Centr strategicheskoy kon'yunktury. 2014. 132 p. [in Russian]
- 4 Grakov B.N. Perezhitki matriarhata u sarmatov. [Remnants of matriarchy among the Sarmatians]. VDI. 1947. № 3. P. 100-121. [in Russian]
- 5 Smirnov K.F. Savromaty. Rannyya istoriya i kul'tura sarmatov. [Sauromatians. Early History and Culture of the Sarmatians]. Nauka. 1964. 381 p. [in Russian]
- 6 Moshkova M.G. O rannesarmatskikh vtul'chatykh strelah. [About early Sarmatian socketed arrows]. KSIA. 1962. №89. P. 77-82. [in Russian]
- 7 SHilov V.P. Kalinovskij kurgannyj mogil'nik. [Kalinovsky burial mound]. MIA. 1959. № 60. P. 323-523. [in Russian]
- 8 Hazanov A. M. Izbrannye nauchnye trudy. Ocherki voennogo dela sarmatov. [Selected scientific works. Essays on the military affairs of the Sarmatians]. SPb. 2008. 294 p. [in Russian]
- 9 Hazanov A.M. Ocherki voennogo dela sarmatov. [Essays on the military affairs of the Sarmatians]. Nauka. 1971. 172 p. [in Russian]
- 10 Hazanov A.M. Katafraktarii i ih rol' v istorii voennogo iskusstva. [Cataphracts and their role in the history of military art]. VDI. 1968. №1(103). P. 180-191 [in Russian]
- 11 Hazanov A.M. Sarmaty. Ischeznuvshie narody. [Sarmatians. The Vanished Peoples]. Priroda. 1988. P. 93-102 [in Russian]
- 12 Botalov S.G., Gucalov S.YU. Gunno-sarmaty uralo-kazahstanskikh stepej. [Hunno-Sarmatians of the Ural-Kazakhstan steppes]. Rifej. 2000. 267 p. [in Russian]
- 13 Hazanov A.M. Materinskij rod u sarmatov. [Maternal lineage among the Sarmatians]. VDI. 1970. №2. P. 139-140 [in Russian]
- 14 Hazanov, A.M. Genezis sarmatskikh bronzovykh zerkal. [Genesis of Sarmatian bronze mirrors]. Sovetskaya arheologiya. 1963. №4. P. 58–72 [in Russian]
- 15 Hazanov A.M. Sarmatskij kinzhal iz Saratovskogo muzeya. [Sarmatian dagger from the Saratov Museum]. Sovetskaya arheologiya. 1968. № 1. P. 249-250 [in Russian]
- 16 Belousov V.V. Izuchenie klinkovogo vooruzheniya sarmatov: terminologicheskij aspekt. [Study of bladed weapons of the Sarmatians: terminological aspect]. Vestnik VGU. Seriya: Istoriya. Politologiya. Sociologiya. 2012. №1. P. 74-78 [in Russian]
- 17 Mamontov V.I. K voprosu ob oruzhii blizhnego boya sarmatov. [On the issue of close combat weapons of the Sarmatians]. Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 4. Istoriya. Regionovedenie. Mezhdunarodnye otnosheniya. 2018. №3. P. 153-158. [in Russian]
- 18 Hazanov A.M. Social'naya istoriya skifov. [Social history of the Scythians]. Osnovnye problemy razvitiya drevnih kochevnikov evrazijskikh stepej. Akademicheskij proekt: 2023. 372 p. [in Russian]
- 19 Mamedov A.A, Kitov E.P. Pogrebal'nyj obryad rannih kochevnikov verhnego Iлека (po materialam mogil'nika Sapibulak). [Funeral rite of the early nomads of the upper Ilek (based on materials from the Sapibulak burial ground)]. Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennyh i gumanitarnyh nauk. 2015. №6 (304) P. 19-60. [in Russian]

Information about authors:

Nurdaulet Turmakhan – **corresponding author**, 2nd year PhD student, department of “Archaeology, ethnology and museology”, faculty of history, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: nurdau_99_99@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1779-340X>

Dosbol Baigunakov – doctor of historical sciences, professor, dean of the faculty of “History”, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: dosbol_bs@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>

Информация об авторе:

Нурдаулет Турмахан – **основной автор**, докторант 2 курса, кафедра «Археология, этнология и музеология», исторический факультет, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: nurdau_99_99@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1779-340X>

Досбол Байгунаков – доктор исторических наук, профессор, декан исторического факультета, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: dosbol_bs@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>

Авторлар туралы ақпарат:

Нұрдаулет Тұрмахан – негізгі автор, 2 курс докторанты, «Археология, этнология және музеология» кафедрасы, тарих факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nurdau_99_99@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1779-340X>

Досбол Байгунаков – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Тарих» факультетінің деканы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: dosbol_bs@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>